

Жоба аты	AP22788787 Қазақстанның ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету контекстінде Халықаралық Транскаспий бағытын іске асырудағы сын тегеуріндер мен мүмкіндіктер
Жоба өзектілігі	Жоба жаһандық геоэкономикалық және геосаяси үрдістерді ескере отырып, Халықаралық Транскаспий маршрутының ағымдағы жай-күйін жан-жақты зерттеуге бағытталған. Оның мақсаты қатысушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың тиімді тетіктерін әзірлеу, орта дәліз шеңберінде басым облыстарды айқындау және көлік-логистика секторында Қазақстанның ұлттық мүдделері мен стратегиялық мақсаттарын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл іс-шара республиканың сауда және транзиттік әлеуетін нығайтуға бағытталған.
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты Қазақстанның ұлттық мүдделерін ілгерілету және іске асыру контекстіндегі орта дәліздің геосаяси маңыздылығын талдау болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу жаңа геосаяси жағдайларда Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін әртараптандыру үшін баламалы және қосымша маршруттарды дамыту перспективаларын зерделеуге мүмкіндік береді.
Жоба міндеттері	Жобаның осы мақсатына жету үшін келесі міндеттер тұжырымдалды: - Транзиттік дәліздер қызметі және қолданыстағы маршруттарды әртараптандыру мәселелерінде жаңа ғылыми тәсілдерді әзірлеу үшін маңызды ғылыми әдебиеттер мен статистикалық деректерді талдау; - Орта дәлізді толық іске асырудың әлсіз және күшті жақтарын талдау. - жаңа қауіптер мен сын-тегеуріндерді ескере отырып, саяси жағдайдың даму сценарийлерін әзірлеу және жағдайларды модельдеу; - Қазақстанның және орта дәлізге тартылған басқа да елдердің көлік және логистика саласының ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу және оларды одан әрі жетілдіру үшін ұсынымдар әзірлеу; - дәліз қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктерін анықтау; - орта дәліздің басқа трансконтинентальдық маршруттармен болашақтағы өзара іс-қимылына байланысты мәселелерді қарастыру; - ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстанның тиісті құрылымдары үшін ұсынымдар әзірлеу.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Қол жеткізілген нәтижелер: 1. Транзиттік дәліздер қызметі саласында жаңа ғылыми тәсілдерді қалыптастыру және қолданыстағы маршруттарды әртараптандыру үшін маңызды

	ғылыми әдебиеттер мен статистикалық деректерге талдау жүргізілді. 2. Жүйелік талдауды қолдана отырып, Орта дәліз жобасын толық жүзеге асырудың әлсіз және күшті жақтары анықталды. 3. Жаңа қауіптер мен сын-қатерлерді ескере отырып, саяси жағдайдың даму сценарийлері әзірленді және модельденді. Күтілетін нәтижелер: - Транскаспий бағыты шеңберінде қатысатын Қазақстанның және басқа да елдердің көлік және логистика саласының ағымдағы жай-күйі талданады, кейіннен оларды одан әрі дамыту үшін ұсынымдар әзірленеді. - Дәліздің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері айқындалатын болады. - Орта дәлізді басқа трансконтиненталдық маршруттармен интеграциялауға байланысты мәселелер қаралатын болады. - Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның тиісті құрылымдары үшін ұсынымдар әзірлеу.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	- Ермекбаев Адилбек Алпысбаевич, Доктор PhD ResearcherID - AAP-5693-2020, ORCID - 0000-0002-8464-8220, Scopus Author ID – 57209836474 - Джакубаева Салтанат Төлеуовна, PhD, ResearcherID: N-6881-2014, Scopus Author ID- 57190443493, ORCID ID 0000-0002-1641-8984 - Жекенов Думан Курмангазиевич, Доктор PhD, доцент Author ID в Scopus 57193561495, ORCID ID 0000-0001-5292-5070 - Султанмуратов Нуриддин Негматович, PhD, Scopus author ID: 5721773832, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-3711-4303 Парпиев Сырым Маратович Доктор PhD Scopus author ID: 57216618499 https://orcid.org/0000-0002-6031-3522 Апсаттарова Гулзада Абдусагаткизи, ORCID ID: 0000-0001-6004-1574 Мухаметжан Ақбота Ерлікқызы, , магистр экономических наук ORCID ID 0000-0001-9734-1407
Использование	Халықаралық қатынастар саласы
Приоритет в сравнении с реальными аналогами	Транскаспий көлік бағытын іске асыруда алғаш рет кешенді талдау жүргізілетін болады
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	Алтынбек, А., & Джакубаева, С. (2024). Роль транспортных коридоров в укреплении регионального сотрудничества Ирана в Центральной Азии. Известия. Серия: Международные отношения и регионоведение, 57(3). https://doi.org/10.48371/ISMO.2024.57.3.012
Патент туралы ақпарат	Монографияға авторлық құқық алу қарастырылған